



## Ұлт бағына туған ұлы тұлға

Ә. Боранбаев атындағы кино-театрда «Қазақ хандығының 550 жылдығы» және I желтоқсан - ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған ақындар айтысы өтті. Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен Мәдениет сарайының ұйымдастырған айтыстың шымалдығын қала әкімінің орынбасары Е. Мәметеков құттықтау сөз сөйлеп ашты.

Айтысты «Арқалықтың Жүрсіні» атанған өнерпаз Қайрат Байдалдин жүргізді. Жыр аламанында облыстық, республикалық жыр додаларында ат озырған айтыскер жастармен қатар қалалық мектеп оқушылары айтысының жеңімпаздары та бақтарың сынады.

нақ осы күні республика Президентінің бірінші бүкілжазықтық сайлауы өткізілді. Тәуелсіздік алған алғашқы күннен бастап, бейбіт саясатты еліміздің егемендігі Қазақстан Республикасы Президентінің атымен тікелей байланысты, дейді шараны ұйымдастырушылар.

Айтыстың бас жүлдесін танымал айтыскер ақын Тобға Өтепбаев қанжынасына байлады. Бірінші орынды Айбар Рағатов, екінші орынды Бекболат Қаленов, екі үшінші орынды Батырлан Сағынтаев пен Рысбай Рабигт иеленді. Өзге де қатысушылар тұраі номинациялармен марапатталды. Атап айтқанда: «Жас ақын» номинаци-